

ӘОЖ 8.81'373.47

Қанапина, С.Ф.

филология гылымдарының кандидаты,
филология департаментінің
қауымдастырылған профессоры
Серикова, А.А.

«6B01702 – Қазақ тіліндегі оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» оқу бағдарламасының 2 курс студенті **Косаева, А.Е.**

«6B01702 – Қазақ тіліндегі оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» оқу бағдарламасының 2 курс студенті **Куанышбаева, А.Б.**

«6B01702 – Қазақ тіліндегі оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» оқу бағдарламасының 2 курс студенті, **Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ, Костанай, Қазақстан**

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ «ҰШҚАН ҰЯ» ПОВЕСІНДЕГІ СИНОНИМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІГІ

Түйін

Мақалада Бауыржан Момышұлұның «Ұшқан ұя» повесіндегі синонимдердің стильдік қызметі талданады. Сонымен бірге, синонимдердің кез келген тілдің байлығы мен оралымдығын корсететін сөздік құрамның құнарлы да мәнді бір саласы екендігі айтылады. Тілміздегі синонимдік қатарлардың жасалу жолдары, пайда болу тарихы және мағыналық ерекшеліктері жайында сөз қозгалады.

Кітт сөздер: синоним, доминант, мағыналық синонимдер, стильдік синонимдер, мағыналық-стильдік синонимдер.

1 Кіріспе

Зерттеуші ғалым К. Аханов өзінің «Тіл білімінің негіздері» атты оқулығында синонимдерге токталады. Оқулықта, өзара мәндес сөздерден синонимдік қатар құралады. Синонимдік қатардың құрамына екі, кейде одан да көп сөздер енеді. Мысалы: 1. *адам – кісі*; 2. *күш – қуат – әл – дәрмен*; 3. *қадірлі – құрметті – ардақты – аяулы – қымбатты* және т.б. Синонимдік қатарды құрастыруши сөздер бір-біріне мағыналық жақтан жақын, өзара мәндес болуымен бірге, барлығының бір сөз табына қатысты сөздерден жасалуы шарт. Әр түрлі сез табына қатысты сөздерден синонимдік қатар жасалмайды. Белгілі бір синонимдік қатардың жасалуы үшін, оның құрамына енетін сөздердің барлығы да бір өңкей зат есім сөздерден, не бір өңкей сын есім сөздерден немесе бір өңкей етістік сөздерден болуы керек. Синонимдік қатарлар әр сөз табының құрамында бар. Мысалы:

Зат есімдерден болған синонимдер: өң – түр – тұс – келбет – пішін – ажар – мұсін – көрік – әлпет – кескін – рең – дидар – шырай; уақыт – мезгіл; мерзім – кез; сабыр – төзім – шыдам және т.б.

Сын есімдерден болған синонимдер: салмақты – сабырлы – байытты – байсалды – үстамды; сұлу – әдемі – көркем – көрікті – ажарлы – кескінді – келбетті; күшті – мықты – әлді – қарулы – қайратты – қажырлы және т.б.

Етістіктерден болған синонимдер: сауыгу – жазылу – айыгу; жолыгу – кездесу – ұшырасу; жорамалдау – долбарлау – тұспалдау – болжасу – межелеу; амандасу – сәлемдесу – әзілдесу – қалжыңдасу және т.б.

Үстөүлерден болған синонимдер: таяуда – жуырда – жақында – жуықта; әрең – азер – зорга; тез – жылдам – шаштаң – лезде – сәтте және т.б. тоқталып өтеді [1].

Зерттеуші Бегалиева Л.Б. өзінің «Синонимдік қатарлардың жасалуы және когнитивтік мәні (зат атаптары бойынша)» атты филология ғылымдарының кандидаттық диссертациясы авторефератында көне түркі және орта түркі жазба ескерткіштерінің тілі туралы түркітанушылар мен қазақ ғалымдарының зерттеулери негізінде біріккен авторлар Ф. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М. Томановтың «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» (1971), К. Мұсаевтың «Лексикология тюркских языков» (1984), «Қазақ тілі тарихи лексикологиясы» еңбектерінде синонимдер жайлар, олардың көне түркі жазба ескерткіштерінде кездесетін туралы, сонымен бірге орта дәүірдегі, ұлт болып қалыптасқанға дейінгі және кейінгі кезеңдердегі шығармалардағы синонимдердің қолданылуы жайлар молынан жазады.

Қазақ тіл білімінде синонимдерді алғаш терен зерттеген, синонимге толық анықтама берген, жүйелі зерттеген ғалымдардың бірі – Ә. Болғанбаев. Ол синонимдік қатарға енген сөздердің мағыналарын, олардың қолданылу дәрежесіне байланысты бөлгөн. Ғалымның қолтанбасы ізімен қазіргі қазақ тілі оқулықтарындағы лексикология бөлімдерінде синоним сөздердің ғылым анықтаған басты-басты мағыналық айырмашылықтарын профессор Б. Сағындықұлы таразылап көрсетеді:

1) Синонимдер мағыналық аясы жағынан бір-біріне жоғары-төменді, артық-кем болып ерекшеленеді. *Айқайла//шыңғыр//бақыр*. Бұл үш сөзге ортақ сема – қатты шыққан дауыс.

2) Синонимнің біреуінің мағынасы тар, екіншісі кеңірек болады. *Байлық//қазына*. Байлық деген сөздің мағынасы адамның бүкіл ғұмыр бойы жиған рухани, материалдық байлығы енгенімен, қазына ұғымына мал байлығы кірмей, дүние-мулік, ақша, алтын ғана кіреді.

3) Синонимдер бір-бірінен мағыналарының аз-көбіне қарай да ажыратылады. Яғни синонимдік қатардың бір сыңары көп мағыналы болса, екінші сыңары бір мағыналы болып келеді. *Мал* – көп мағыналы, ал *тұлік* – бір мағыналы. *Ат* – көп мағыналы, *ныспы* – бір мағыналы.

4) Синонимдер мағыналарының деректі немесе дерексіз болып келу дәрежесіне қарай бір-бірінен ерекшеленеді. *Маңдай//пешене, іш//құрсақ*, т.б.

5) Синонимдердің сөз тудыруға қабілетті не қабілетсіз болып келуіне байланысты өзгешеленеді: *жол//санар, жарты//жарым* [2].

Сондай-ақ, лексиколог ғалымдар Ә. Болғанбаев пен Ф. Қалиев өзінің «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» атты оқулығында синонимдік қатарға енген сөздердің ішінен бір сөз басқаларын мағына жағынан ұйымдастыруға болатын **тірек сөз** деп таңдалынып алғынады. Бұл тіл білімінде **доминант** деп аталады. Дәл осы еңбекте тілдегі синонимдер үш түрге бөлініп көрсетіледі: а) мағыналық синонимдер, ә) стильдік синонимдер, б) мағыналық-стильдік синонимдер.

Әрқайсының өзіне тән мағыналық реңкі бар, стильдік жағынан шектелмейтін, тілдегі барлық салада талғаусыз, жалпылама қолданыла беретін синонимдер **мағыналық синонимдер** деп аталады. Мысалы: *абырай* – бедел – қадір; *азайту* – алу – кеміту – шегеру т.б.

Стильдік синонимдер деп мағына жағынан ұқсас (тен) бола отырып, бір-бірінен стильдік бояуы арқылы өзгешеленетін мәндес сөздердің түрлерін айтамыз. Мысалы: *ат – есім – ныспы; бәсеке – бақас; жазғыру – күстаналау* т.б.

Тілдегі синонимдер бір-бірінен не мағыналық жағынан, не стильдік мәні жағынан өзгешеленіп, бірыңғай болып келе бермейді. Олар кейде әрі мағыналық, әрі стильдік белгілері арқылы ерекшеленеді. Синонимдердің осындай түрлері **мағыналық-стильдік синонимдер** деп аталады. Мысалы: *іздену – тімтіну; мақтанияс* – бөспе т.б. [3].

Филология ғылымдарының докторы, профессор Рәбига Сыздықова өзінің «Абайдың сөз өрнегі» атты оқулығында қазактың ұлы ақыны Абайдың синонимдер қолданысы жайында айтып өтеді. Еңбекте, Абай синонимдер тандауда нағыз ұтқырлық танытқан. Тұлғалары бөлек, мағыналары жуық сөздер болып табылатын синонимдер – поэзия тілінің ең бір қажетті құралы. Синонимдік қатардағы сөздердің біреуін таңдап алу ақынның айтпақ ойын (идеясын) дәл беру, ұсынбақ образды әсерлі етіп шығару сияқты шарттарды жүзеге асырады. Си-

нонимдердің стильдік, коннотативтік, ұдетпелік қасиеттері бар десек, оларды Абай тілінен көре аламыз. Синонимдер контексте мағыналық контраст деп аталатын керегарлық мән ту-дырып, оның оқырманға тигізетін әсерін – экспрессиясын күшету арқылы стильдік жүк арқалайды. Мысалы, Абайдың баласы Әбдірахманның өлімінде оның жұбайы Мағышқа шығарып берген жоқтауындағы: «*Қызықтың* занғар басынан Қорлыққа кеттім *жығылып*. Құдай қосқан *қосақтап* Жалғанда *қалдыым жырылып*. Бірінші сөйлемде *құлау* мен *жығылу* деген синонимдердің Абай екіншісін алады. Сырт қарағанда, ақын тілдің әдептегі нормасынан ауытқып кеткен сияқты, өйткені адам биіктен құлар болар, жығылу – көбінесе өзі аяқ басып тұрған жеріне құлағанда болатын қимыл атауы. Ақын бұл жерде Мағышқа « занғар биіктен құладым» дегізсе, ол айтпақ идеяны бейтарап мәнде хабарлау болар еді, ал *қызықтың* (бақытты шактың) *занғар биігінен жығылдым* дегендеге әрі мағыналық контраст пайда болып, бұл сөйлемнің экспрессиясы күшейіп тұр, әрі *биік* деп тұрғаны – өз мағынасындағы биіктік емес, ауыспалы мәнде келген сөз: бұл *биік* – Мағыштың Әбдірахмандай асылға жар болған бақыты, демек, өзінің өмірі. Мағыштың қызықтың занғар басынан жығылғаны – ең бақытты шағынан айрылғаны, – деп қарастырылады [4].

Зерттеуші ғалым Қанапина С.Ф. өзінің «Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық бейнелілігі (F. Мұстафин, С. Мұқанов шығармалары негізінде)» атты монографиясында синоним сөздердің мағыналық үндестігі оның басқа да белгілері мен ерекшеліктеріне негіз болатыны жайында сөз қозғай келе, мынадай мысал келтіреді: *ұлғілі – өнегелі – тәлімді – тәрбиелі* синонимдік қатардағы сөздер, жақсы тәлім-тәрбие алған деген ұғымды білдіре келіп, өзара синонимдес болып тұр. Бұл синонимдес сөздердің мағыналары өзара ұқсас болғанымен, бірдей емес. *Ұлғілі* сөзінде ұлғі боларлық қасиет мол деген мағына басымырақ болса, *өнегеліде* дәл осы мағына алғашқы сөзден де тереңдей түсіп, өзіндік мағыналық реңке ие болған. Ал *тәлімді* сөзінде көрген түйгені көп, *тәрбиеліде* жақсы тәрбиеден шыққан деген мағыналар ілгергілермен үйлесіп тұр. Бірыңғай синонимдік қатарға енетін осы *ұлғілі*, *өнегелі*, *тәлімді*, *тәрбиелі* сөздері өзара мәндес болғанымен, формалық, тұлғалық жағынан бірдей емес, әркелкі. Бұл да синонимдерге тән ерекшеліктердің бірі [5].

2 Материалдар мен әдістер

Бұл мақаланы жазу барысында жалпы теориялық әдіс, яғни синонимдер жайлы жи-нақталған тарихи дереккөздері, теориялық тұрғыда зерттелуі, оның ішінде баяндау, бұл әдіс арқылы қажет материалдарды рет-ретімен жүйелеу жасалды. Сәйкесінше, бұл мағлұматтарды талдау әдісі арқылы мазмұны мен пішіні жағынан ерекшеліктері анықталды. Салыстыру әдісі арқылы синонимдердің қолдану аясының көндігі мен әртүрлілігі ажыратылды. Бұл әдіс арқылы тақырыптардың көп еместігін, оның белгілі ортақ мәселені ғана қамтитындығын зерделеуге көмектеседі. Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» повесі жан жақты зерттелініп, жоғарыда аталған әдістер бойынша талданды...

3, 4 Нәтижелер мен талқылау

Шығармадағы синонимдер қолданысы:

1. Әлбетте, ағайын арасы аз күн араз-құразсыз болғанмен, **mansap**, **дәреже**, **атаққа** таласу, айқай-шу, дырду тоқталмаған [7].

Атақ, дәреже, мансап. Еңбегімен, ерлігімен қол жеткен жетістік, абырай, бедел, қызмет [6].

Бұл жерде кейіпкерлер қаншалықты жақын түис болса да, олар үшін **атақ**, **дәреже**, **mansaptың** жоғары тұратындығын, олар үшін туыстық қарым-қатынасқа қарағанда ел-жүрттың пікірі, адамдар алдындағы мақтаншактыққа бағытталған атақтың маңыздырақ екенин автор көрсетіп беріп отыр.

2. Ол **сабырлы**, **биязы**, өзін-өзі қай жерде болса да, қай ортада болса да ұстай білетін **байсалды**, орта бойлы, қара торы жігіт еді [7].

Сабырлы, биязы, байсалды. Өзін-өзі ұстай білетін қасиетке ие [6].

Бұл жерде адам бойынан табыла бермейтін ен керемет қасиеттер жайында сөз қозғалып отыр. Яғни **сабырлылық**, **биязылық**, **байсалдылық** дегеніміз – кез келген жағдайда эмоцияға ерік бермеу, түсіністікпен қарауға тырысу, жалпы сөздің байыбына дейін барып,

ақылға қонымды шешім шығару, өзін-өзі ұстай. Жүз ойланып, мың толғанып қызбалыққа салынбау.

3. Ол кедейліктің зардабынан **жалғыз** еді, **саяқ** еді [7].

Жалғыз, саяқ. Жалғыз қалғандық, жалқы болушылық [6].

Бұл жерде кейіпкердің әлеуметтік жағдайына байланысты қоғамнан шеттетіліп, жалғыз қалғандығы жайында айтылуда. Яғни **жалғыз, саяқ** сөзі айналасында ешкімнің болмауы, жанына жақын адамдарының болмауы, тек қана бір өзінің жалғыздықтың қоршауында қалуы.

4. **Сілкілесіп-жұлқыласып, тіктесіп-тістеніп, беттесіп-белдесіп** бір сойқанның әр пүшпағынан ұстасқан жайы бар [7].

Сілкілесіп-жұлқыласып, тіктесіп-тістеніп, беттесіп-белдесіп. Жұлқығанның ұстіне жұлқу, қайта-қайта тарту [6].

Бұл жерде сөзге келіспей қалу, бірін-бірі түсінбеу салдарынан дау-жанжал шығарып, күш көрсету мағынасында қолданылған.

5. Ел жана жылын-жарқын кезеңін осылайша **ашық пейіл, ақжарқын** көнілмен қарсы алады екен ғой [7].

Ашық пейіл, ақжарқын. Өзім дегенге жанын үзетін, өткен-кеткенмен санаспайтын адал, ақ [6].

Бұл жердегі айтылып отырған сөздің мағынасы ешкімге жамандығы жоқ, кез келген дүниенің жақсы жақтарын ғана көре білетін, көнілі кіршікіз пәктік сынды адам бойындағы кереметтей қасиеттер жайында.

6. Үлкені Ізбасар жұртқа **жұғымы жоқ, жүгенсіз, данғой, дарақы** біреу еді [7].

Жұғымы жоқ, жүгенсіз, данғой, дарақы. Истің мән-жайына терең бойламайтын алып-ұшпа, женілtek [6].

Бұл жерде адамға бір ұнамды қылышы жоқ, сөздің түпкі байыбына бармайтын, өзімшілдік секілді адам бойындағы жаман қасиеттер жайында тілге тиек етіліп отыр.

7. Енді бәрі де оны **бауыр тартып, жанына жақын тұтып алды** [7].

Бауыр тартып, жанына жақын тұту. Жақын болу, туыс сияқты болу [6].

Бұл жерде жақын туысқаны болмаса да, жақын туысқаныңдай өзіне жақын тартуы, жанашыр қамқоршысы болуы деген мағынада жұмсалған. Ескере кететін дүние дәл осы қасиеттер негізінен қазақ халқының бойында кеңінен тараған. Оған дәлел, дана халқымызың ешкімді жат сынбай, барлығын өзінің туған бауырында жақын тартуы, кенпейілділікпен қарауы.

8. Бұл **әзілқой, қалжынбас, тілі өткір, көнілді** Тоқмырза деген карт еді [7].

Әзілқой, қалжынбас, көнілді. Қалжың-әзіл айтуға жаны құмар, ку тілді, құлқілі әңгіме айтқыш [6].

Бұл жерде үнемі жүзінен құлқі кетпейтін, өмірдің қандай тосын сыйы болмасын құліп қарсы алатын, жүрген жерін қуаныш пен шаттыққа бөлеп жүретін адам бойындағы ерекше қасиеттер жайында сөз қозғалуда.

9. Аққұл таяғын сілтей беріп, кілт тоқтай қалып, **мұнайып** төмен қарады да, **еңсесі салға кеткендей** бұрылып, сонына қарамастан бүкірлейіп, кібіртіктеп басып өз ауылына тартты [7].

Мұнайу, еңсесі салға кету. Тұнжырау, тұнілу [6].

Бұл тарапта құніреніп келген күздің бейнесіндегі, белгілі бір нәрседен көнілі қалу, тұнілу, өзін тым төменге түсіріп жіберу, өзіне деген сенімділікті жоғалту, көнілсіз бір күй кешу мағынасында алынған.

10. Бікке **құмартады, женіске құлшынады** [7].

Құмартқан, құлшынған. Арман етіп көксеген, ансары ауып қызықкан [6].

Бұл жерде белгілі бір нәрсеге қызығуы, ынталануы, көнілінің сол жаққа бөлінуі, үлкен бір ұмтылыс жайында айтылған. Дәл осы құмарту, құлшыну арқылы биік шындарды бағындырып, максатына жетуге бір қадам жақындау түседі.

11. Құғыншылар тұмсығы тасқа тигендей аттарының басын **тежеп, аңтарысып тоқтап жатыр** [7].

Тежеу, тоқтату. Аттың басын тартып, қаркынын бәсендету, біреуді беталды еркіне жібермеу [6].

Бұл жерде болып жатқан іс-әрекетті тоқтату, жүзеге асырылуын шектеу, одан әрі жалғасуын болдырма мақсатында жұмсалған.

12. Осы аласапыран, алабажақ, астан-кестен тірліктің ішіне сұнгідік те кеттік [7].

Аласапыран, алабажақ, астан-кестен. Аумалы-төкпелі тірлік [6].

Бұл жерде сол кезеңдегі қыз-қызы қайнап жатқан, киыншылығы мен қуанышы қатар жүретін тіршілік кезеңі жайында ой қозғалып отыр. Бұл арқылы дәл сол сэтте адамдардың тірлігі, жағдайы, жалпы өмірі қандай болғандығы жөнінде түсінік қалыптастырамыз.

5 Қорытынды

Бауыржан Момышұлы өзінің «Ұшқан ұя» повесін жазу барысында бай, ырғакты, оралымды, көркем ұлттық тіліміздің сөздік корын ұтымды пайдаланып отырған. Соның ішінде, талдау барысында анықталғаны, синонимдердің ішінде мағыналық синонимдер көп қолданылған.

Қазіргі таңда синонимдерді орынды қолдана білудің маңызы өте зор. Себебі, синонимдерді қолдану арқылы шығарма тілін барынша байыта түсуге болады. Осы арқылы халқымыздың даналығын, тілге шешендейдігін аңғаруға болады. Жалпы, Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» повесін талдау барысында **18 синоним** табылып, **12 синоним** талдауға түсті.

Әдебиеттер тізімі

1 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Төртінші басылым, 2002. – 657 б.

2 Бегалиева Л.Б. Синонимдік қатарлардың жасалуы және когнитивтік мәні (зат атаулары бойынша): филология ғылымдарының кандидаттық диссертациясы авторефераты. – Алматы, 2010. – 34 б.

3 Қалиев F., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы: Оқулық. – Алматы: «Сөздік – словарь» баспасы, 2006. – 256 б.

4 Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: «Ел шежіре» баспасы, 2014. – 577 б.

5 Қанапина С.Ф. Қазақ тіліндегі мақал-мәтедлердің танымдық бейнелілігі (F. Мұстафин, С. Мұқанов шығармалары негізінде). – Қостанай: ТОО «Центрум» баспасы, 2010. – 180 б.

6 Бизақов С. Синонимдер сөздігі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 634 б.

7 Момышұлы Б. «Ұшқан ұя». – Алматы: Өнер баспасы, 2008. – 247 б.

Материал редакцияга тусти: 12.12.19

**КАНАПИНА, С.Г., СЕРИКОВА, А.А., КОСАЕВА, А.Е., КУАНЫШБАЕВА, А.Б.
ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СИНОНИМОВ В ПОВЕСТИ БАУЫРЖАНА
МОМЫШУЛЫ «ҰШҚАН ҰЯ»**

В данной статье анализируется стилистическая деятельность синонимов в повести Бауыржана Момышулы. При этом следует отметить, что синонимы являются богатой и значимой частью словарного состава, отражающие красоту и образность любого языка. В статье также говорится об истории возникновения, смысловых особенностях синонимов нашего языка.

Ключевые слова: синоним, доминант, семантические синонимы, стилевые синонимы, семантико-стилистические синонимы.

**KANAPINA, S.G., SERIKOVA, A.A., KOSAEVA, A.E., KUANYSHBAEVA, A.B.
PECULIARITIES OF USING SYNONYMS IN THE TALE OF BAURZHAN MOMSHULY «USHKAN
UYA»**

This article analyzes the stylistic activity of synonyms in the story of Bauyrzhan Momshuly. It should be noted that synonyms are a rich and significant part of the vocabulary, reflecting the beauty and imagery of any language. The article also talks about the history of the origin and semantic features of synonyms of our language.

Key words: synonym, dominant, semantic synonyms, stylistic synonyms, semantic-stylistic synonyms.